

БАЙҚОҢЫРДАН – ҒАРЫШҚА

1961 жылы 12 сәуірде Қазақстанның Байқоңыр айлағынан космос кораблі ғарышқа аттанды. Юрий Гагарин әлемнің тұңғыш ғарышкері болса, Байқоңыр әлемнің алғашқы ғарыш айлағына айналды. Ал Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетовтің есімдері Қазақстан тарихына алтын әріптермен жазылды.

5

№42
(4940)
Сенбі
11 сәуір
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



МЕМЛЕКЕТ ҚАЗЫҒЫ — ҒЫЛЫМ

Елімізде ғылым саласына айрықша қолдау көрсетіліп отыр. Кейінгі 5 жылда осы салаға бөлінетін қаржы көлемі 6 еседен асты. Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ғылым қызметкерлері күніне орай отандық ғалымдар қауымын төл мерекелерімен құттықтап, мемлекеттік наградалар табыстады.

2



JOLTAP ЖОЛ КӨРСЕТТІ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



ӨЗБЕКӘЛІНІҢ МӘДЕНИ МАЙДАНЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ҰБТ-ға ДАЙЫНСЫҢ БА?

Негізгі ҰБТ-ға өтініштерді қабылдау 11-25 сәуір аралығында жүзеге асады. Осы кезеңде талапкерлерге негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, ең жоғары нәтижесімен грант конкурсына қатысу мүмкіндігі беріледі.

11-16 сәуір аралығында өтінішті бір рет, ал 17-25 сәуір аралығында қалауы бойынша екінші рет бере алады. Тестілеудің өзі 10 мамыр мен 10 шілде аралығында өтеді.



АЗИЯНЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бокстан Қазақстан ұлттық құрамасын Ұлан-Батырда өткен Азия біріншілігінде табысты өнер көрсетуімен құттықтады.

Президент спортшыларымыз жалпыкомандалық есепте бірінші орынды жеңіп алып, отандық бокс мектебінің жоғары деңгейін көрсеткенін атап өтті. Құттықтауда Оразбек Асылқұлов, Сабыржан Аққалықов, Нұрбек Оралбай, Айбек Оралбай, Надежда Рябец және Дина Исламбекова секілді спортшылардың жеңіс тұғырына көтеріліп, ортақ жетістікке зор үлес қосқанына назар аударылды. Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандық былғары қолғап шеберлерінің әлемдік жарыстарда көк байрағымызды биікте желбірете берулеріне тілектестік білдірді.

3

ВЕЛОМАУСЫМ АШЫЛАДЫ

Астанада веложалдау қызметінің жаңа маусымы 15 сәуірде ресми түрде басталады.

«15 сәуірде абонемент сатып алу және велосипедтерді пайдалану сағат 09:00-ден бастап қолжетімді болады. Веложалдау қызметін пайдалану үшін velobike.kz сайтында тіркелу қажет. Жеңілдігі бар пайдаланушылар жеңілдікті растау үшін қайта авторизациядан өтуге тиіс. Абонемент түрлері, стансалардың орналасуы және басқа да мәліметтермен velobike.kz сайтында танысуға болады» делінген City Transportation Systems ЖШС мәлім еткен хабарламада.

Велошеринг жүйесі – елордада 2014 жылдан бері жұмыс істейтін көлік инфрақұрылымының бір бөлігі. Қазіргі уақытта веложолдау жүйесінде 155 станса және шамамен 750 велосипед бар. Жаңғырту аясында 1300 электрлі велосипед, сондай-ақ желіні 195 велостансаға дейін кеңейту көзделген.



№42 (4940) 11/04/2026 Сенбі



ТАЛАНТТЫ АЗАМАТТАР ҰЛТТЫҢ ШАМШЫРАҒЫНА АЙНАЛАДЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ҒАЛЫМДАРДЫ МАРАПАТТАУ РӘСІМІНДЕ СӨЗ СӨЙЛЕДІ

ҚАДІРЛІ ҚАУЫМ!
ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМДАР!

Ең алдымен, Ғылым қызметкерлері күні баршаңызға құтты болсын деймін. Осы белгілі мереке қарсаңында Ақордаға жиналып, бас қосу жақсы дәстүрге айналды. Бұл – еліміздің ғалымдар қауымына деген ерекше құрметі және айрықша ықыласының көрінісі. Себебі кез келген дамыған, яғни озық мемлекеттің қазығы – ғылым, ал қазынасы – ғалым. Әр елдің ғылыми әлеуеті оның абырой-беделі мен күш-қуатының өлшемі десек, қате болмайды. Ғылымға басымдық беретін, ғалымын қадірлейтін, басқаша айтсақ, «ғылым-білім бар жұрттар» ғана өркениеттің өріне шығады. Бұл – ақиқат. Түптеп келгенде, адамзаттың барлық жетістігі ғалымдардың зияткерлік еңбегінің жемісі екені сөзсіз. Қазір осы залда түрлі салада зор табысқа жеткен зерделі зерттеушілеріміз отыр. Сіздер ұлт сапасын арттыруға, халықтың әл-ауқатын жақсартуға мол үлес қосып келесіздер. Баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін. Хакім Абай айтып өткендей, «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ». Бұл – ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын тағылым. Біз бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, ең алдымен, ғылымды дамытып, жаңа технологияны, жасанды интеллектіні меңгеруіміз керек.

Өздеріңізге мәлім, мен осы жылды Цифрландыру және жасанды интеллект жылы деп жариялладым. Ғылымға бет бұру – өсіп-өркендеуге ұмтылған әрбір елдің тарихи міндеті. Біз мұны жақсы түсінеміз. Мемлекет ғылым саласына үнемі қолдау көрсетуде. Кейінгі 5 жылда осы салаға бөлінетін қаржы көлемі 6 еседен асты. Қазақстанда зерттеу университеттерінің саны көбеюде. Ғылыми жобаларға инвестиция салатын бизнес өкілдеріне салық жеңілдігі берілетін болды. Алдымызда тағы бір маңызды міндет тұр. Біз жас ғалымдар ғылыммен алаңсыз айналысуы үшін қолайлы жағдай жасауымыз қажет. Өйткені қазақ ғылымының болашағы – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр және мақсаты биік жастардың қолында. Талапты әрі талантты азаматтар келешекте ұлттың шамшырағына айналады. Олар Қаныш Сәтбаев сияқты алып тұлғалардың жолын жалғайды. Сондықтан жас зерттеушілерге қамқор болуымыз керек. Бұл бағытта нақты бастамалар жүзеге асырылып жатыр.

Қазіргі таңда 600-ден астам жас ғалымға баспана берілді. Бұдан бөлек, оларға арнаулы гранттар бөлінуде. Жыл сайын жас зерттеушілер әлемнің жетекші ғылыми орталықтарына барып, тәжірибе жинап, тағылым алып жүр. Осындай нақты шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады. Ғылымды қолдау, ғалымдарға ел болып құрмет көрсету – бұл ең алдымен қоғамда еңбекқорлық, білімпаздық, жасампаздық құндылықтарын орнықтыру деген сөз. Халқымыздың ойы озық болса, өскелең ұрпақтың да ғылым-білімге деген ықыласы айрықша болары анық. Зерделі әрі зияткер ұрпақ тәрбиелеу – баршаға ортақ парыз. Оған мемлекет те, ата-аналар да бірдей жауапты. Мен былтыр «Келешек» бірыңғай жинақтау жүйесін құру туралы тиісті заңға қол қойдым. Бұл жүйе арқылы ата-аналар баласының болашақта сапалы білім алуына қаражат жинай алады. Қазірдің өзінде 200 мыңға жуық азамат арнайы есепшот ашты. Мұны болашаққа салынған ең ұтымды инвестиция деуге болады.

Тағы бір мәселе. Ғылымның әлеуетін ел игілігіне жарата білу қажет. Ғалымдарымыз ашқан жаңалықтар зертханалар аясында қалып қоймауы керек. Нақты нәтиже беретін, өндіріске енгізуге болатын жобаларды жүзеге асыру қажет. Бір сөзбен, ғылым экономика мен қоғамның сұранысына сай болуға тиіс. Бұл мақсат Үкіметтің ұдайы назарында болуы керек, себебі осы міндеттің еліміз үшін мән-маңызы ерекше. Сонымен қатар бұл – әлемдегі ең үздік компаниялардың берік ұстанымы, бұлжымас қағидасы. Жаһандық деңгейдегі ірі технология корпорациялары бірінші кезекте білім мен ғылымға басымдық береді, ғылыми жаңалықтарды өндіріске жедел енгізеді. Таланттарды қызметке тарту жағынан да бұл компаниялар көш бастап тұр. Адам капиталы олардың негізгі күш-қуаты саналады. Технология мен инновация – дамудың ең басты әрі баламасыз шарты. Мұны XXI ғасырдың үздік компаниялары дәлелдеп отыр.

Біздің еліміз үшін де қолданбалы ғылымды дамыту – аса маңызды міндет. Осы бағыттағы жобалардың саны көбейді. Бұл – өте жақсы үрдіс. Әсіресе, университеттердің технологиялық даму орталығы ретінде қалыптасып жатқанын атап өту қажет. Мысалы, былтыр University Medical Center мекемесіне қарасты Жүрек орталығының дәрігерлері ALEM (Astana Life Ex-situ Machine) деп аталатын инновациялық медицина құрылғысын ойлап тапты. Мұны өткен жылдың ең айтулы ғылыми жаңалығы деп айтуға болады. Осы құрылғы донорлық ағзалардың өмірін шеңдігін 24 сағаттан астам уақыт сақтауға мүмкіндік береді. Мұндай бірегей жаңалықтар қазақ ғылымының әлеуеті, жалпы еліміздің даму деңгейі жоғары екенін көрсетеді. Дегенмен ғылым саласында шешілмеген түйткілдер де аз емес. Мен наурыз айында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болғанымды білесіздер. Сол жерде ғалымдармен арнайы кездесіп, біраз мәселеге тоқталдым. Әсіресе, ғылымды қаржыландыру жұмысын ретке келтіріп, қатаң бақылауға алу қажеттігі туралы айттым. Басты мақсат қаржыны игеру емес, қоғамға пайдасы тиетін жобаларды жүзеге асыру болуға тиіс.



Білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлауға баса назар аударған жөн. Бұл ретте негізгі жауапкершілік жоғары оқу орындарына жүктеледі. Ұлттың зияткерлік қуаты дәл осы білім ордаларында қалыптасады. Университеттер өз миссиясын адал атқарса, білікті мамандар мен кәсіби кадрлардың қатары арта түсері сөзсіз. Бұдан бөлек, ғылым қалашықтарына және қарқынды дамитын қалаларға жаңа технология енгізуді жолға қоюымыз керек. Қазір Курчатов қаласына ғылым қалашығы мәртебесін беру үшін нақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Инвесторларды осындай даму орталықтарына қаржы салуға ынталандыру қажет. Бұл да Үкіметтің өзекті міндеттерінің бірі. Тоқетерін айтсақ, алда атқаратын шаруа көп. Ширақ қимылдап, тиянақты жұмыс істеуіміз керек. Ғылым саласындағы күрделі мәселелерді мемлекет пен ғылыми қауымдастық күш жұмылдырып, бірлесе шешеді деп ойлаймын.

ҚҰРМЕТТІ ҒАЛЫМДАР!

Өздеріңізге мәлім, Қазақстанда 15 наурыз күні тарихи мәні зор референдум өтті. Азаматтардың басым бөлігінің қолдауымен мемлекетіміздің іргесін нығайтатын, елді барлық салада, соның ішінде ғылымда орнықты даму траекториясына шығаратын жаңа Конституция қабылданды. Ата заңымыздың преамбуласында алғаш рет мәдениет, білім беру, ғылым және инновация құндылықтары нақты бағдар ретінде белгіленді. Яғни аталған салаларды жан-жақты қолдауға стратегиялық маңыз берілді. Ең бастысы, бұл бағыттарды дамыту мемлекеттің конституциялық міндетіне айналды.

Жақында АҚШ соттарының бірі шығарған шешімге сәйкес, кейбір интернет-платформалардың алгоритмі балаларға зиян келтіріп, психологиялық тұрғыдан тәуелді ететіні мойындалды. Біз бұдан сабақ алуға тиіспіз. Сондықтан ұрпақ тәрбиесін әлеуметтік желілер мен видеосервистердің бодауына беріп қоюға болмайды. Бұл – қосымша зерттеуді қажет етпейтін факт. Отбасы институты мен білім беру жүйесін нығайту, шын мәнінде, балаларды кітап оқуға баулумен тығыз байланысты. Жалпы осылай болуы қажет. Қанша жерден пессимистік пікірлер айтылса да, кітап білім бұлағы әрі тәлімгер ретінде маңызын жоя қойған жоқ. Кітап оқыған сайын танымың тереңдейді. Кітап ақыл-ойды шыңдап, дүниетанымыңды кеңейтетіні, адамдардың өз қарым-қабілетіне деген сенімін күшейтетіні белгілі. Таяуда еліміз Ұлттық кітап күнін екінші рет атап өтеді. Жұртшылықтың қолдауына ие болған бұл бастама отандық баспа саласының жұмысын жүйелеп, шетелдік авторлардың өзекті, пайдалы көркем шығармаларының аударылуына түрткі болуға тиіс. Кітап оқу үрдісі төл дүниетанымымыздың ажырамас бөлігіне, ұлттың озық қасиетіне айналғаны жөн. Ғалымдар бұл іске салмақты үлес қосуға міндетті деп санаймын. Осы тұста мына бір аса маңызды мәселені қайта атап өткім келеді: біз қоғамда заң үстемдігі қағидатын, яғни заңға бағыну мәдениетін түбегейлі орнықтыруымыз қажет. Заң мен тәртіп идеологиясы күнделікті өмірдің барлық саласында қатаң сақталуға тиіс: қоғамдық орындағы жүріс-тұрыс мәдениетінен, оның ішінде жиын-тойлардан, тұрмыстағы мәдениеттен бастап жолда көлік жүргізу мәдениетіне дейін осы мызғымас қағидатқа сай болуы керек. Мен бұған дейін де өз сөздерімде жол қауіпсіздігі мәселесіне арнайы тоқталдым. Өкінішке қарай, Қазақстанда жыл сайын көлік апатының кесірінен, соның ішінде көп жағдайда жол қозғалысы ережесін өрескел бұзудың салдарынан мыңдаған адам көз жұмады. Бұған жол беруге болмайды. Бұрын елімізде көлік апатының көптігіне жолдың нашарлығын желеу қылатын. Соңғы бірнеше жылда барлық өңірдегі жол инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңғыртуды қолға алдық. Бірақ қайғылы оқиға азаймай тұр. Демек бұл жағдайға Үкімет пен қоғам жіті назар аударуы керек. Азаматтар бекітілген ережелердің бәрін мүлтіксіз сақтайтын көлік жүргізу мәдениетін қалыптастырған дұрыс. Полицейлермен тәжікелесу, тіпті оларға шабуыл жасау фактілерін тыю қажет. Мұндай жағдайларға, сондай-ақ құқықтық нигилизм дертіне шалдыққан адамдарды, басқаша айтқанда, сотқарлар мен бұзақыларды «қаһарман» жасауға заң аясында қатаң шара қолдану керек. Біз өркениетті ұлт болғымыз келсе, полицейлердің, дәрігерлердің, мұғалімдер мен қызмет көрсету саласы мамандарының, жалпы, адал әрі заңға бағынатын азаматтардың ар-намысына тиетін кез келген әрекетке батыл түрде тосқауыл қоюымыз қажет.

Қоғамда тазалықты сақтау, қоршаған ортаны қорғау мәдениетін орнықтырудың мән-маңызы зор. Осы ретте «Таза Қазақстан» жалпыұлттық жобасын айрықша атап өткен жөн. Бұл бастама қала мен ауылды абаттандыру жұмысымен шектелмейді. Оның түпкі мәні – қоғамдық сананы жаңғырту. Сол арқылы азаматтарымызды қастерлі Отанымыз – Қазақстанның тағдырына бей-жай қарамай, болашақтың іргесін бірге қалауға шақыру. Жауапкершілік, әділдік, өзара құрмет бар жерде ғана өсіп-өркендеуге, дамуға жол ашылады. Бұл – өркениетті мемлекеттер мен халықтардың барлығына ортақ ұстаным. Осы құндылықтар жаңа Халық Конституциясына арқау болып отыр. Біз дамудың даңғыл жолына түсіп, жаһандық бәсекеге қабілетті елге айналдық. Нақты жетістіктеріміз бар. Бұл – ең алдымен, сапалы адам капиталы. Біз зияткерлік мұрамызды мақтан тұтамыз. Әл-Фараби, Ахмет Ясауи, Абай сынды ғұламаларымыз соңына сарқылмас рухани қазына қалдырды. Олардың еңбектері әлемдік ақыл-ойдың алтын қорына кіреді. Данышпан бабаларымыздың баға жетпес туындыларын заман талабына сай кәдеге жарата білуіміз керек. Ойшылдарымыз бен ғалымдарымыздың мұрасын терең танып, кеңінен дәріптеп, барынша дамытқан жөн. Ұлы тұлғаларды ұлықтау жұмысына тың серпін беру аса маңызды. Түркістан төрінде «Қожа Ахмет Ясауи» ордені туралы көтерген бастаманың мәні де осында. Сондай-ақ былтыр Ясауи ілімін зерделеуге арналған халықаралық симпозиум өтті. Жалпы бәріміз әйгілі Қожа Ахмет Ясауиді бірегей ғұлама ғалым әрі өркениеттанушы ретінде еліміздің әрбір аймағында және шетелде де кеңінен дәріптеуіміз керек. Сонымен бірге оның құндылығы аса зор бай мұрасын өзіміз де барлық тұрғыдан жан-жақты зерттеуіміз қажет. Осы өнегелі дәстүр биыл әл-Фараби форумына ұласады. Мұндай тағылымы мол, ғылыми мәні зор басқосулар жыл сайын өтіп тұрады.

Салтанатты жиында тағы бір жақсы жаңалықты жариялағым келеді. Қазақ даласы көптеген кемеңгер тұлғалардың мекені болғанын білесіздер. Соның ішінде әлемге әйгілі ойшыл әл-Фарабидің орны ерекше. Оның мұрасы – бүкіл адамзаттың асыл қазынасы, өркениет ойының шыңы. Осыған орай, мен жоғары мемлекеттік марапаттар тізіміне арнайы «Әл-Фараби» орденін енгізу қажет деп санаймын. Бұл марапат білім мен ғылым, мәдениет пен руханият саласында зор табысқа жеткен азаматтарға беріледі. «Мейірім», «Қожа Ахмет Ясауи», «Әл-Фараби» ордендері биыл алғаш рет Республика күні қарсаңында тапсырылатын болады.

ҚАДІРЛІ ҒАЛЫМДАР!

Біз жасампаз ұлт ретінде алдымызға биік мақсат қоямыз. Бірлігімізді бекемдеп, біртұтас халық болып жарқын болашаққа нық қадам басамыз. Қасиетті Отанымыз – Қазақстанды білім-ғылымның, ойлы ортаның және саналы жастардың күшімен түбегейлі жаңғыртамыз. Келер ұрпаққа Өркениетті, Қуатты әрі Әділетті мемлекетті аманат етіп қалдырамыз. Бұл – біздің ұлттық парызымыз. Осы тарихи жолда біз ғалымдардың орасан зор әлеуетіне сенім артамыз. Себебі ғылым өркендесе, бүкіл еліміз дамиды, шексіз мүмкіндіктерге жол ашылады. Ғалымның әрбір жаңалығы тұтас ұлттың мерейін асырады. Сіздер қашанда ел мүддесіне қызмет ете бересіздер деп сенемін. Мемлекет өздеріңізді әрдайым қолдайды. Мен кәсіби мереке қарсаңында ғылым саласында зор жетістікке жеткен және жоғары білімді дамытуға елеулі үлес қосқан ғалымдарды марапаттау туралы шешім қабылдадым. Тиісті Жарлыққа қол қойдым. Сонымен қатар жас ғалымдарға пәтер кілтін табыстаймын. Бәрі де құтты болсын! Берекелі болсын!

АЗИЯНЫҢ АЛТЫН ТҰҒЫРЫ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Моңғолия астанасында бокстан өткен World Boxing аясында 2026 жылғы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы жалпыкомандалық есепте 1-орынға ие болды. Атап айтқанда, отандастарымыз құрлықтық додада 6 алтын, 2 күміс және 5 қола медаль жеңіп алды. 2-орынды 5 алтын, 3 күміс және 8 қола жүлде еншілеген Үндістан құрамасы еншіледі. Ал 3 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль алған Өзбекстан боксшылары үздік үштікті түйіндеді. Сондай-ақ Қытай, Жапония, Тайбэй, Таиланд, Иордания елдерінен де чемпиондар шықты.

World Boxing аясында тұңғыш рет ұйымдастырылған Азия біріншілігінде әйелдер арасында 10 және ерлер арасында 10 салмақ дәрежесінде жүлделер сарапқа салынды. Ұлттық құраманың жаңа бас бапкері Нұржан Насанов бастап барған қазақ боксшылары: ағайынды Нұрбек пен Айбек Оралбайлар, 60 келіде сынға түскен Оразбек Асылқұлов, 75 келіде өнер көрсеткен Сабыржан Аққалықов тамаша өнер көрсетіп, құрлық жеңімпаздары атанды. Бір айтарлығы, құрама капитаны, ең ауыр салмақта өткен жылы әлем чемпионы атанған астаналық боксшы Айбек Оралбай үшінші рет Азия чемпионы атағын жеңіп алды. Ал әйелдер бәсекесінде Надежда Рябец (80 келі) пен Дина Исламбекова (+80 келі) жеңіс тұғырының ең биік сатысынан қол бұлғады.

Осы чемпионаттағы ең өкінішті болғаны, құрлық біріншілігінде сөзсіз жеңімпаз болады деп үміттенген әлем чемпиондарымыз Санжар Тәшкенбай (50 келі) ширек финалда ұтылып, жүлдеден құралақан қалса, Махмұд Сабырхан (55 келі) қола жүлдені қанағат тұтса, Төрехан Сабырхан финалдық жекпе-жекте сүрінуге мәжбүр болды.

Енді Қазақстан боксшылары үшін ең маңызды жарыс – Азия ойындары. Күзде өтетін байрақты бәсекеде боксшыларымыз Ұлан-Батырда өткен құрлық чемпионатында орын салған сәтсіздіктерден сабақ алады деп сенім артамыз.

ЕСІРТКІ ҚЫЛМЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультетінің студенттері үшін есірткі қылмысының алдын алу іс-шарасы өтті. Атап айтқанда, елордадағы ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №64 мекемесінен телекөпір ұйымдастырылып, есірткі тұтыну мен тасымалдау салдары туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы жүргізілді.



Райхан РАХМЕТОВА

Іс-шараға қалалық құқық қорғау органдарының өкілдері қатысып, нашақорлықтың жастар болашағына балта шабатын қасірет екенін түсіндіруге тырысты. Астана қаласы прокуратурасы басқармасының аға прокуроры Нұртас Дүйсембаев көбіне жастар есірткі қылмыскерлерінің басты нысанасына айналатынын өкінішпен жеткізді.

– Кейбірі интернет, мессенджер, жалған хабарландыру арқылы жеңіл табыс көзін ұсынып, алдап шақырады. Бірқатары есірткі таратуға тартып, тез ақша табуды уәде етіп, сол үшін жазасыз қалатынына сендіреді. Алайда бұл іс жүзінде жастардың жарқын өмірінің бүлінуіне, түбі бас бостандығынан айырылуына әкеледі. Ең тиімді қорғаныс – білім, сыни ойлау және нақты құқықтық ұстаным, яғни ондай өмірге аяқ баспау, көрген жағдайда үнсіз қалмау, жеңіл пайдаға сенбеу және ермеу, – деді Н.Дүйсембаев.

Астана қалалық ПД Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының жедел уәкілі Жандос Сейтенов есірткі қылмысының кең таралған тәсілдері және қылмыскерлердің құрбаны болмаудың жолдары жөнінде нақты мысалдарды келтіре отыра баяндады.

– Қылмыстың 80 пайызы есірткі пайдаланған және ішімдік ішкен мас күйінде жасалады. Адамның қалыптасуына үш фактор әсер етеді. Бірінші – шыққан тегі, екінші – алған тәрбиесі, үшінші – араласатын ортасы. Соның ішінде ортаның алатын маңызы зор. Менің ақылым, араласатын ортаңыздың қандай екеніне өте қатты мән беріңіз. «Егер сіздің төрт дәулетті досыңыз болса, бесінші бай сіз боласыз» деген сөз бар. Сол тегін сөз емес. Жақсы, дұрыс ортада жүру керек. 2025 жылы Астанада есірткі қылмысына қатысты жасөспірімдер арасында 19, ел бойынша 54 қылмыстық іс қозғалды. Бұл – үлкен көрсеткіш, – дейді Ж.Сейтенов.

Жиын соңында Астана қаласындағы ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №64 мекемесінен тікелей телекөпір ұйымдастырылып, есірткі қылмысы бойынша жазасын өтеушілер басынан өткен оқиғасын айтып берді және жастарды олардың қателігін қайталамауға шақырды.

ТЕАТР ҰЖЫМЫ СЕНБІЛІККЕ ШЫҚТЫ

Кеше Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театры аумағында өнер ошағының қызметкерлері «Таза Қазақстан» республикалық экология акциясы және «Таза қала» жобасы аясында сенбілік өткізді.

Іс-шараға 20-ға жуық аталмыш театр қызметкері белсенді қатысты.

«Театр – жай ғана сахна емес, тазалық пен мәдениеттің ортасы мен ордасы. Тазалық бар жерде мәдениет пен шындық бар. Айналамызды, мәдениетімізді, өзімізді таза ұстайық. Таза Қазақстан – біздің ортақ үйіміз» деді актер Армат Амандық.

Оның сөзін әріптесі Расул Усманов қостады.

«Айналамыздың таза, ұқыпты болуы біз үшін өте маңызды. Тазалық әр адамның өзінен басталады. Біз күн сайын көрерменге ізгілік сыйласақ, бұл жолы оны іс жүзінде көрсетіп жатырмыз. Таза орта – мәдениетке құрметтің белгісі. Үлкен өзгерістер кішкентай істерден басталады. «Таза Қазақстан» жай ғана акция емес, бұл – біздің өмір салтымыз» деді актер.

Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы өтті. Жиынды кеңес төрағасы Зұлфухар Ғайыпов жүргізді. Отырыста қала өмірінің маңызды салаларын қамтитын бірқатар нормативтік-құқықтық актінің жобасы қаралды.

КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ КЕҢЕСТЕ ҚАРАЛДЫ



Шапағат ӘБДІР

Кеңес барысында «Астана қаласының әлеуметтік маңызы бар қатынастарының тізбесін айқындау туралы» 2025 жылғы 26 желтоқсандағы №375/48-VIII мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі талқыланды. Бұл бағытта тиісті басқарма басшылары баяндама жасап, ұсынысын ортаға салды.

Ең әуелі сөз алған Астана қаласы Қаржы басқармасының басшысы Алмат Сейтқұлов 2025 жылғы қала бюджетінің атқарылуы туралы баяндады. Оның айтуынша, бюджет саясаты қаланың даму бағдарламасында және бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің жоспарларында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге бағытталған.

«2025 жылы меншікті кірістер көлемі 1246410,9 млн теңгені құрап, жоспар 102,8%-ға орындалды. Оның ішінде салық түсімдері 1183504,4 млн теңге болып, жоспар 102,1%-ға орындалса, салық емес түсімдер 50113,2 млн теңгеге жетіп, 121,9%-ды құрады. Сонымен қатар негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 11621,1 млн теңгені құрап, жоспар 122,7%-ға орындалды. Бюджет шығысы бойынша атқарылу көрсеткіші 1817585,1 млн теңгені немесе 99,3%-ды құрады» деді Алмат Еркінұлы.

Бұдан бөлек, көлік саласына қатысты мәселелер де кеңінен қаралды. Астана қаласы Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы басшысының орынбасары Тұрсынәли Жәкеновтің мәліметінше, тұрғындардың қажеттіліктері мен қолданыстағы маршрут желісі ескеріле отырып, қосымша 5 жаңа маршрут іске қосылған. Оларды әлеуметтік маңызы бар қатынастар тізбесіне енгізу жоспарланып отыр екен.

«Жаңа қосылған бағыттар сынақ кезеңінен өтті және тәулігіне 30 мыңға жуық жолаушы тасымалдайды. Бұл олардың қала тұрғындары арасында жоғары сұранысқа ие екенін көрсетеді» деді Тұрсынәли Жақсылықұлы.

Сонымен қатар аталған маршруттар қаланың негізгі жолаушы ағындарын байланыстырып, маңызды нысандарға қолжетімділікті арттыруға мүмкіндік береді және қала аумағының басым бөлігін қамтып отыр.

Отырысты қорытындылай келе, қаралған мәселелер бойынша мәслихаттың тиісті шешімдері қабылданып, бұрынғы кейбір шешімдердің күші жойылды.

19 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТҰРҒЫН ҚАМТЫЛДЫ

Joltap әлеуметтік жобасы елордада табысты жүзеге асып келеді. Яғни ондаған мың қала тұрғынын жұмыспен қамту және қысқа мерзімді оқыту шараларымен қамтып отыр.



Joltap жобасының басты мақсаты – қысқа мерзімді оқыту мен жұмыспен қамту арқылы халықтың табысын арттыру. Оның аясында қысқа уақыт ішінде жаңа дағдыларды меңгеруге болады және еңбек нарығына шығуға мүмкіндік беретін практика тәсілі қарастырылған. Жобаны Астана қаласы әкімдігінің «Жаңа мүмкіндік» қорымен бірлесе отырып, тұрғындарға 18 түрлі курс ұсынылады. Оның 12-сі – жұмысшы мамандықтар, 6-уы – цифрлық бағытта. Атап айтқанда, наубайшы, электргазбен дәнекерлеуші, электрмонтажшы, тігінші, сондай-ақ жасанды интеллект негіздері, жарнама бейнеролигіне арналған нейрожелілер сияқты бағыттар бар. Оқу мерзімі 5 күннен 22 күнге дейін созылады. Оқу бағдарламалары жұмыс берушілердің талабына сай әзірленген. Олар – жергілікті бизнеспен тығыз байланыста дайындалған авторлық курстар. Бұл қатысушылардың еңбек нарығына тез бейімделуіне мүмкіндік береді. Соңғы 2,5 жылда 18,8 мыңнан астам адам оқудан өткен. Олардың 10 мыңнан астамы қала кәсіпорындарына жұмысқа орналасқан.

№42 (4940) 11/04/2026 Сенбі



ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛЕТІН НЫСАНДАРМЕН ТАНЫСТЫ

Жекешелендіруге жататын коммуналдық мүлік нысандарының мәселелері бұдан былай жергілікті мәслихаттарда талқыланады. Бұл тәртіп өткен жылы Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының негізінде Үкіметтің тиісті қаулысымен бекітілді. Мұндағы мақсат – қабылданатын шешімдердің ашықтығы мен айқындығын қамтамасыз ету, сондай-ақ коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекет саясатын іске асыру кезінде жұртшылықтың пікірін ескеру. Мұны осы мәселеге арналған Астана қаласы мәслихатының көпшілік тыңдауын жүргізген бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Кендебай Адамбек мәлімдеді.

Осы отырыстың алдында қалалық мәслихат депутаттары тиісті нысандарды аралап көрді. Осыған тоқталған Кендебай Адамбек бұл нысандарды атай келе, олар жекешелендіруге неге жатқызылғанын, одан бюджетке түсер пайда жөнінде айтып өтті. Ал негізгі баяндаманы қалалық Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы Нұрлан Әлімжанов жасады. Оның айтуынша, биыл Астана қаласы әкімдігінің коммуналдық меншігіндегі 4 нысан жекешелендіруге жатқызылды. Бұл – «Астана арнайы қызмет көрсету бюросы» ЖШС, «Comfort Hotel Astana» қонақүйі, «City Transportation Systems» ЖШС мен Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасына қарайтын паркингтер және «Fitnation» спорт-сауықтыру орталығы.

Қосымша баяндамашылар бұл нысандарға толығырақ тоқталды. Соның ішінде қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит «Fitnation» спорт-сауықтыру орталығында бассейн, 3 жаттығу залы және коворкинг аймақ барын жеткізді. Мұндағы тренажер залы қазіргі заманға лайық құралдармен жабдықталғанын айтты. Бірақ бұл нысанда футбол мен волейбол алаңдарының жоғын ерекше айтып өтті. Соған қарамастан мұндағы құрал-жабдықтар олимпиадалық және басқа спорт түрлері бойынша дарынды спортшыларды даярлауға мүмкіндік беретінін, бұл нысан талаптары 300 спортшының тегін жаттығуына жауап беріп отырғанын айтты.

«Қазір елордада спорт нысандарының тапшылығы байқалуда. Сондықтан бұл нысанның қала балансында қалғаны жөн еді. Нысан өзін-өзі ақтап отыр» деді Василий Левит.

Жиында аталмыш нысанның құрал-жабдықтары қаланың кез келген балалар-жасөспірімдер спорт мектебіне тапсырылса, бұл шешім дұрыс болатыны айтылып, басқарма басшысы да осы шешіммен келісті.

КӨЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕДІҢІЗ БЕ?

Жыл басынан бері елорда бюджетіне жеке тұлғалардың көлік құралдарына салынатын салық бойынша 10 млрд теңгеден астам қаржы түсті. Сонымен қатар бүгінгі таңда көлік салығы бойынша берешек көлемі 7 млрд теңгені құрап отыр.

Департамент өкілдері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, салықты уақытылы төлемеген жағдайда, әрбір кешіккен күн үшін өсімпұл есептелетінін еске салады. Бұдан бөлек, берешегі бар азаматтарға қатысты мәжбүрлеп өндіріп алу шаралары қолданылады. Атап айтқанда, борышкерлерге хабарлама жолданып, салық бұйрығы шығарылады, сондай-ақ материалдар жеке сот орындаушыларына беріледі. Айта кету керек, 1 айлық есептік көрсеткіштен асатын берешек міндетті түрде мәжбүрлі түрде өндіріп алуға жатады. Ал салық бұйрығын орындау мерзімі 30 жұмыс күнін құрайды. Қала тұрғындары өздерінің берешегін немесе елден шығуға уақытша шектеулердің бар-жоғын aisoip.adilet.gov.kz сайтынан біле алады. Астана қаласы МКД азаматтарды салық міндеттемелерін уақытылы орындауға шақырады.

ӘУЕЖАЙДЫ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатының депутаттары әуе айлағын реконструкциялау және кеңейту жұмысының барысымен танысу мақсатында «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ мекемесіне барып, көшпелі жиын өткізді.



Сапар аясында терминалдардың негізгі аймақтары, оның ішінде ұшып кету және келу залдары, тіркеу және тексеру аймақтары, сондай-ақ сервистік инфрақұрылым нысандары қаралды. Сондай-ақ әуежайдың өткізу қабілеті, жолаушыларға қызмет көрсету сапасы және қауіпсіздік деңгейі мәселелеріне ерекше назар аударылды. Әуежай басшылығымен бірлесіп, қызметтің өзекті мәселелері, жаңғыртудың ағымдағы кезеңдері және инфрақұрылымды одан әрі дамыту жоспарлары талқыланды. Бұл ретте Астана қаласының «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» АҚ басқарма төрағасы Бекен Сейдахметов биылдан бастап мекемеде қайта жөндеу жұмысы басталатынын атап өтті. Сонымен қатар жолаушыларға қолайлы жағдай жасау, заманауи цифрлық шешімдерді енгізу және логистиканы жақсарту бойынша шаралар қарастырылды. Кездесу барысында әуежайды елорданың туристік және іскерлік әлеуетінің өсуіне ықпал ететін маңызды көлік хабы ретінде дамыту перспективалары да қозғалды.

АНА МЕН БАЛА ӨЛІМІ АЗАЙҒАН

Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының кезекті отырысында денсаулық сақтау саласындағы квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің қызмет тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит нәтижелері қаралды.

Елорда мәслихаты депутаттарының және аудит объектілері өкілдерінің қатысуымен өткен жиында Астана қаласы әкімдігінің «Қалалық перинаталдық орталығы», «Қалалық фтизиопульмонология орталығы», «Қалалық инфекция орталығы», «№3 қалалық емхана», «№7 қалалық емхана» ШЖҚ МКК-нің қызметіне талдау жасалды. Жалпы медицина ұйымдарының жұмысына жасалған талдау кезінде Астана қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының тарапынан бекітілген тиімділік индикаторларына қол жеткізу туралы меморандум көрсеткіштері орта есеппен 70%-ға дейін орындалғанын көрсетті. Мысалы, ана мен бала өлімі, операциядан кейінгі асқынулар, ауруханаішілік инфекциялар, жаңа туған нәрестелердің жарақаттануы, жасөспірімдердің өз-өзіне қол жұмсауының азайғаны оң бағаланды. Сонымен қатар аудит барысында бірқатар жүйелі проблема, оның ішінде кадрлармен қамтамасыз ету деңгейінің төмендігі; халықты скрининг бағдарламаларымен қамтудың жеткіліксіздігі; қымбат тұратын диагностика зерттеулерінің қолжетімділігінің шектеулілігі; міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіндегі жекелеген мәселелер анықталды. Отырыс барысында кәсіпорындардың «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» акционерлік қоғамымен жасалған шарттар бойынша қаржыландыру көлемінің төмендегені, бірқатар медицина ұйымдарының қаржы тұрақсыздығы және қолданыстағы тарифтердің жеткіліксіздігімен байланысты кредиторлық берешектің бар екені атап өтілді.

Бетті дайындағандар **Аманғали ҚАЛЖАНОВ, Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ**

ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛАРМЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Астана қаласы Полиция департаменті көшелер мен қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және жедел ахуалды тұрақтандыруға бағытталған ұйымдастырушылық-практикалық іс-шаралар кешенін жүзеге асырып жатыр. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті Қоғамдық қауіпсіздік басқармасы басшысының орынбасары, полиция подполковнигі Еркін Жанәбіл Коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз мәслихаты барысында мәлім етті.

2026 жылдың алғашқы үш айының қорытындысы бойынша елордада кәмелетке толмағандардың қатысуымен 113 жол-көлік оқиғасы тіркелген.

Полиция подполковнигінің айтуынша, оқиғалардың негізгі себептері – жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жол қозғалысы ережелерін сақтамауы, жол қозғалысы кезінде зейіннің төмендеуі. Осыған байланысты 2025-2026 оқу жылында мектепке дейінгі және білім беру мекемелерінде балалардың жол-көлік жарақатының алдын алуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар жоспары әзірленіп, іске асырылып жатыр.

– Жыл басынан бері жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау мақсатында 210-нан астам жергілікті рейдтік іс-шара өтті. Негізгі іс-шаралардың бірі – 26-28 наурыз аралығында өткен «Түнгі қаладағы балалар» жедел-профилактикалық іс-шарасы. Оның барысында түнгі сағат 23:00-ден 06:00-ге дейін заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз тұрғын үйден тыс жерде болған кәмелетке толмағандарға қатысты 230-дан астам құқық бұзушылық фактісі анықталған. Бұл, ҚР ӘҚБтК-нің 442-бабының 2-бөлігіне сәйкес, құқық бұзушылық. Мәселен, 2026 жылғы 27 наурыз күні Сарайшық



ауданының учаскелік инспекторы түнгі уақытта кәмелетке толмаған ұлының қараусыз жүруіне жол берген елорда тұрғынын әкімшілік жауапқа тартты, – деді Еркін Жанәбіл.

Полиция департаменті бөтен мүлікті қасақана жою және бүлдіру фактілерінің жолын кесу жұмысын күшейтті. Жыл басынан бері ҚР ӘҚБтК-нің 147-1-бабы бойынша 51 әкімшілік құқық бұзушылық тіркеліп, 50 адам жауапқа тартылды. Олардың ішінде 38 адам әкімшілік қамауға алынып, 12 адамға айыппұл салынды, бір іс бойынша өндіріс тоқтатылды. Ведомство өкілінің мәліметінше, осы кезеңде қалада шамамен 15 лифт пен 10-нан астам автобус аялдамасы бүлінген.

Елордада ұсақ құқық бұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қағидаты шеңберінде ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабында көзделген ұсақ бұзақылық фактілерінің жолы белсенді түрде кесілуде. Жыл басынан бері 779 адам әкімшілік жауапқа тартылған (2025 жылы – 3555). Нәтижесінде 366 айыппұл салынып, 399 адам әкімшілік қамауға алынған, 2 адамға қоғамдық жұмыс тағайындалды. 12 материал бойынша іс өндірісі тоқтады. Бұл бағыттағы жұмыс жүйелі түрде жалғасады.

– Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін күн сайын ішкі істер органдарының қызметкерлері мен Ұлттық ұланның әскери қызметшілерінен 2,5 мыңнан астам адам жұмылдырылады. Заманауи технологияларды енгізуге ерекше назар аударылған. Ішкі істер министрлігінің «Жаппай бейнебақылау» жобасы аясында 2024-2028 жылдарға арналған қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасына сәйкес елордада 210 мыңнан астам бейнекамера орнату көзделген, – деді басқарма басшысының орынбасары.

ҒАРЫШҚА ЖОЛ ҚАЗАҚСТАННАН БАСТАЛҒАН

12 сәуір – адам баласы ғарышқа самғаған күн. Осыдан тура 65 жыл бұрын қазақ сахарасындағы Байқоңыр ғарыш айлағынан Юрий Гагарин жұлдыздарға жол салды. Биыл қазақ перзентінің ғарышты бағындырғанына да 35 жыл толады. Тәуелсіздік таңының атуына екі ай уақыт қалғанда қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров ғарышқа самғады. Осы жылы ғарыш туризміне де ширек ғасыр толмақ.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Осыған орай елордадағы Президенттік орталықта «Кеттік! 65 жыл бұрын...» атты архивтік-иллюстрациялық көрме ашылды. Оның мақсаты – адамзаттың ғарышқа алғаш ұшуынан бастап Қазақстанның қазіргі заманғы ғарыш саласының қалыптасуы мен дамуына дейінгі тарихи сабақтастықты көрсету, сондай-ақ еліміздің жетістіктеріндегі ғарыш рөлін айқындау. Бұл көрме Қазақстанның ғарыш мұрасын насихаттауға және саланың инновациялық дамуының үлгісі ретінде коммерциялық ғарыш туризмінің 25 жылдығын таныту бағытталған.

«12 сәуірде бүкіл адамзат тарихи маңызы зор айтулы күн – адамның ғарышқа алғаш ұшқанына 65 жыл толуын атап өтеді. Бұл күн Қазақстан үшін ерекше мәнге ие. Өйткені дәл осы қазақ жерінен адамзат өркениетінің ғарыш дәуірі басталды. Юрий Гагариннің ғарышқа ұшуы ғылыми-техникалық прогрестің ұлы символына айналып, адам мүмкіндіктерінің шексіздігін танытқан теңдессіз серпіліс болды. Ғарыш саласы үшін мерейтойлық бұл жылдың еліміздің тәуелсіздігінің 35 жылдығымен тұспа-тұс келуі де терең символдық мәнге ие. 1991 жылы Қазақстан егемендігінің символдық бастауы Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшуымен астасып жатыр. Аталған тарихи оқиғаның 35 жылдығымен қатар, биыл біз оның 80 жылдық мерейтойын да атап өтеміз. Сондай-ақ биыл тағы бір даңқты қазақстандық ғарышкер Талғат Мұсабаевтың 75 жылдығы аталып өтер еді» деді Президенттік орталық директоры Бақытжан Темірболат.



Екі бөлімнен тұратын аталмыш көрмеге 30-ға жуық музейлік жәдігер мен 60-тан астам архивтік материал қойылған. Оның алғашқысы «Шексіз ғарышқа алғашқы қадам» аталады. Бұл бөлімде Юрий Гагарин ғарышқа алғашқы ұшуының тарихи маңызы көрсетіліп, адамзаттың ғарышты игеруіндегі жаңа дәуірдің басталғаны баяндалады. Ал «Қазақстан және ғарыш» атты екінші бөлімде Қазақстан Республикасының ғарыш саласының дамуы туралы материалдар ұсынылған. Негізгі назар қазақстандық ғарышкерлердің жетістіктеріне аударылған. Мұнда Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев және Айдын Айымбетов және алғашқы ғарыш туристі Деннис Тито ұшуы туралы да айтылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікті алмай тұрып-ақ өзінің ғарыш саласын дамытуды қолға алды. 1991 жылғы 2 қазанда ғарышқа тұңғыш қазақ ғарышкері – Кеңес Одағының Батыры, КСРО-ның еңбек сіңірген сынақшы-ұшқышы, КСРО және Қазақстан Республикасының ұшқыш-ғарышкері, Халық Қаһарманы Тоқтар Әубәкіров ұшты. Ол 1991 жылғы 2-10 қазан аралығында «Мир» орбиталық кешеніне сапар экспедициясы құрамында ғарышта болды.

1994-2001 жылдар аралығында қазақстандық ғарышкер Талғат Мұсабаев үш мәрте ғарышқа ұшты. Ол бір ұшу барысында ашық ғарышта бір тәуліктен астам уақыт өткізіп, Гиннестің рекордтар кітабына енді. 2001 жылғы 28 сәуірде «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшырылған «Союз ТМ-32» ғарыш кемесінің экипажын Талғат Мұсабаев басқарып, құрамында алғашқы ғарыш туристі американдық миллионер Деннис Тито болды.

Айдын Айымбетов – үшінші қазақстандық ғарышкер. Ол 2015 жылғы 2 қыркүйекте Халықаралық ғарыш станциясына ЭП-18 экспедициясының бортинженері ретінде ұшып, ғарышта шамамен 10 күн болды.

2006 жылғы 18 маусымда «Байқоңыр» ғарыш айлағынан Қазақстанның алғашқы геостационарлық «KazSat-1» байланыс спутнигі ұшырылып, елде дербес спутниктік байланыс дәуірінің басталуына жол ашты. 2007 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі – «Қазғарыш» ресми түрде құрылды.

Қазақстанның шөлейтті даласында орналасқан Байқоңыр – ғарыш дәуірінің бесігі және әлемдегі ең ірі әрі белсенді ғарыш айлақтарының бірі. Ол 1955 жылы салынған. Дәл осы Байқоңырдан Жердің алғашқы жасанды серігі мен алғашқы басқарылатын ғарыш кемесі ұшырылды.

Бүгінде ғарыштық технологиялар өмірдің барлық саласына енді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығынан бастап медицина мен білім беруге дейін, көлік пен энергетикадан байланысқа дейін барлық жерде ғарыш жетістіктері кеңінен қолданылуда. Қазіргі таңда 40-тан астам мемлекет ғарыш аппараттарын дербес жасап, ұшырады, ал ғарыш қызметінің игілігін 130-дан астам ел пайдаланып отыр.

ҒАЛЫМНЫҢ АТЫ МЕН ХАТЫ



Қазақ ғылымы мен руханиятына өзіндік қолтаңбасын қалдырған тұлғалардың бірі – экономика ғылымдарының докторы, профессор Мырзагелді Кемел. Ол – мемлекеттік басқарудың қыр-сырын меңгерген білікті маман ғана емес, сонымен қатар адам жанының инженері іспетті терең пайымды ойшыл, қоғам қайраткері.

1949 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал топырағында дүниеге келген Мырзагелді Кемелдің өмір жолы – үздіксіз ізденістің үлгісі. Ташкенттегі техникалық білімнен бастап, кейін заңгерлік мамандықты меңгеруі оның білімге құштарлығын аңғартады. Инженерліктен бастап кеңшар директоры, аудан басшысы Президент Әкімшілігінің қызметкері және Парламент Мәжілісінің депутаты деңгейіне дейін көтерілуі оған мемлекеттік тетіктің қалай жұмыс істейтінін іштей сезінуге мүмкіндік берді. Бұл тәжірибе кейіннен оның «интеллектуалды басқару» концепциясының негізіне айналды.

Мырзагелді Кемелді өзге ғалым-жазушылардан ерекшелейтін басты қыры – ғылыми ойды руханиадамгершілік мазмұнмен ұштастыра білуі. Осы бағыттағы негізгі еңбектері – «Абзалдық әліппесі» және оның жалғасы іспетті «Ақыл қалта» кітаптары. Бұл туындыларда ол адам болмысын жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді. Автордың пайымдауынша, нағыз ғалым немесе басқарушы болу үшін ең алдымен «абзал адам» болуға ұмтылу шарт. Ол Абайдың «Толық адам» концепциясын қазіргі заман тілімен сөйлетті. Қазақы дүниетанымдағы «инсаниат» (адамгершілік) ұғымын нарық заманының талаптарымен ұштастырып, ар, ұят, қанағат пен имандылық категорияларын ғылыми-философиялық тұрғыдан талдады. Оның ғылыми ізденістері мен әдеби туындыларында ұлттық мүдде мен жалпыадамзаттық құндылықтар ажырамас бірлікте көрініс табады. Академик Ғарифолла Есім өзінің еңбектерінің бірінде М.Кемелді «жаңаша ойлауға сілкініс туғызатын ойшыл» деп бағалауы да тегін емес.

Мырзагелді Кемелдің ғалымдық болмысы мемлекеттік басқару саласында ерекше жарқырап көрінді. Ол – Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдардағы өтпелі кезеңнің қиындықтарын теория мен практиканы ұштастыра отырып еңсеруге ұмтылған ізденімпаз.

М.Кемел мемлекеттік аппараттың тиімділігін арттырудың басты шарты ретінде жүйелілікті (systemic approach) атап көрсетті. Ол нарықтық экономикаға өту барысында «соқыр еліктеушіліктен» сақтандырды. «Қытайға барсақ қытайша, Түркияға барсақ түрікше» икемделудің қауіпті екенін ескертіп, басқару моделі ең алдымен ұлттық менталитет пен ішкі ресурсқа негізделуі тиіс деп есептеді. Ғалым ретінде ол нарықтың әлеуметтік мәселелерге «жаны ашымайтынын» жақсы түсінді. Сондықтан мемлекеттік басқарудың басты міндеті – әлеуметтік қорғауды төмендетіп алмау екенін ғылыми негіздеді.

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Менеджмент» кафедрасында қызмет ете жүріп, Мырзагелді Кемел басқарушы кадрлардың этикалық мәдениетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлді. Оның пікірінше, мемлекеттік қызметшінің кәсіби білігі адамгершілік ұстанымымен тең түсуі тиіс: билік – артықшылық емес, халық алдындағы жауапкершілік. Осы тұрғыдан алғанда, ол қоғамдағы бұл құндылықтық дағдарысты тек заңмен емес, ішкі рухани тәрбие мен «арұят бақылауын» күшейту арқылы еңсеруге болатынын насихаттады. Мырзагелді Кемел – ғылым мен руханиятты, билік пен адам болмысын бөліп-жармай, бәрін бір арнаға тоғыстырып қарастырған сирек тұлға десем, қателеспеймін. Оның мұрасы – тек экономикалық есептер мен заңнамалық актілердің жиынтығы емес, ұлттық намысты тірілтіп, адамзатты парасатқа бастайтын рухани қазына. Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде М.Кемел нағыз «ғалым-депутаттың» үлгісін көрсетті. Ол ауыл шаруашылығын механикаландыру, инвестиция тарту және жер қатынастары мәселелерінде заңның әрбір тармағына экономикалық сараптама жасады. Ол үшін басқару – қағаз жүзіндегі есеп емес, халықтың әл-ауқатын жақсартудың тікелей құралы болды.

Ол мемлекеттік қызметтің мәнін «елге қызмет – адамдық парыз» деген биік деңгейге көтерді. Бүгінгі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» концепциясының алғашқы рухани негіздері мен басқару этикасының қағидалары М.Кемелдің еңбектерінде сайрап жатыр. Ғалымның салған парасат жолы – келешек ұрпақ пен жас басқарушылар үшін адастырмас темірқазық. Осы тағылымды жас буынға жеткізу мақсатында Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде мазмұнды бастамалар жүзеге асырылып келеді. ЕҰУ-дың 30 жылдық мерейтойы аясында 2026 жылғы 26 ақпанда «Менеджмент» кафедрасы білім алушыларға арналған «Мырзагелді Кемел тағылымы: Ой, өріс, өркениет» атты зияткерлік сайыс ұйымдастырды. Іс-шараға Мырзагелді Кемелдің жары Зиба апай мен ұлы Бақытжан Мырзагелдіұлы қатысып, қатысушыларға жүрекжарды тілегін жолдады. Олардың естелігі мен жылы лебізі кештің мазмұнын тереңдетіп, жастарға өнегенің тірі үлгісін көрсетті. Университет басшылығы тарапынан да қолдау білдіріліп, игі бастаманың жалғасын табатыны айтылды.

Еуразия ұлттық университетінде ғалым есімі берілген дәрісханда жыл сайын өтетін дөңгелек үстелдер мен конференциялар, сондай-ақ студенттерге арналған зияткерлік сайыстар – оның мұрасының бүгінде өміршең екенін көрсетеді. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» деген осы: артында өнегелі іс, ғибратты сөзі қалған арда азаматтың аяулы есімі халық жадында мәңгі сақталмақ.

Ерғали ӘБЕНОВ,
шәкірті

№42 (4940) 11/04/2026 Сенбі

ЖОМАРТ ЖАНДАР ЖАНЫМЫЗДА

Айгүл УАЙС

Елімізде жеке кәсіпкерлердің, бизнес-компаниялардың корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік принциптерін қалыптастыруға, оның ізгі тәжірибелерін ілгерілетіп, осы саладағы ең үздік үрдістің кең қанат жаюына алдымен қоғам мүдделі болып отыр. Ол туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Turkistan» газетіне берген сұхбатында да атап өтті.





> Республикалық «Жомарт жан» орталығы еліміздің 20 өңірінде белсенді жұмыс істеуде. Республика бойынша 342 адам (меценаттар, қайырымдылар, волонтерлер) «Жомарт жан» орталықтарының құрамына кіреді

Мемлекет басшысы «Бізге халық алдындағы жауапкершілігін жақсы білетін әрі соны терең түсінетін ұлттық буржуазия керек. Себебі халық болмаса, олар ешқашан табысқа жете алмас еді» дей келіп, Республика күні қарсаңында өткен азаматтарды мемлекеттік наградалармен марапаттау рәсімінен кейін кәсіпкерлермен жеке кездесуінде айтылған әңгімеге тоқтады.

«Мен қоғамның игілігіне қызмет ету билік жүктеген міндет емес, мәртебелі парыз екенін тағы да олардың есіне салдым. Осы орайда, шетелде табысқа жетсе де, туған жерін ұмытпай, халқына көмектесіп жүрген ірі кәсіпкерлерді жақсы үлгі ретінде атап өттім. Ондай азаматтар ауқымды жобаларды жүзеге асырып жүр. Қалаларда инфрақұрылым салып, жөндеп, мұражайлардың, емханалар мен мектептердің құрылысын қаржыландырып жатыр» деді Президент.

Бүгінде құлағымызға сіңісті болған «корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік» деп аталатын ұғым дүние жүзінде өткен ғасырдың 70-80-жылдардан бері айтыла бастаған. Әдетте, бизнес пен қоғам арасындағы қарым-қатынастың мәнін айшықтай келе, кез келген компанияның қызметкерлері алдында да есеп беруге міндетті екенін, олардың әл-ауқатының жақсаруына негізделуі тиіс деп шешкен. Бұл тұжырым соңғы 10 жылда біздің де елімізде кең тарай бастады. Егер бұрын бір реттік қайырымдылық шараларымен шектелсе, қазіргі күнде оның ауқымы кеңейіп, әлеуметтің бір тетігін ұстап, кемін түгендейтін күшке айналды.

Оның әлеуметтік маңызын жақсы сезінген бизнес иелері белгілі бір мәдениетті қалыптастыруда. Атақты компаниялар әлеуметтік жауапкершілік үшін өте тиімді, жан-жақты ойластырылған саясатты әзірлеуге қызығушылық танытуда. Қоғамда орын алған әлеуметтік түйіндерді шешуге, халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға, қоршаған ортаны қорғауға, әлеуметтік проблемаларды азайтуға бағытталған басқарушылық шешімдер ерекше өзекті. Мұндай компаниялардың қызметіне қоғамның назары артып келеді. Оның маңызына назар аударған Президентіміз: «Мен қайырымдылықпен айналысып жүрген азаматтарды қолдау үшін арнайы «Мейірім» орденін енгіздім. Елге жанашырлық көрсетіп, әлеуметтік жауапкершілік танытқан кәсіпкерлер биылдан бастап осы жоғары наградаға ие болады. Осылайша, олардың қоғам алдындағы абырой-беделі мен мәртебесі айқындалады» деп жауап берді «Turkistan» газетіне берген сұхбатында.

Осы орайда жыл сайын әлеуметтік жауапкершілігі жоғары кәсіпорындарды ынталандыру мақсатында өтіп тұратын «Парыз» сыйлығының рөлін айта еткен дұрыс. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ұйымдастыруымен басталған бәсеке – Қазақстанда әлеуметтік жауапкершілікті белсенді жүзеге асыратын, экология, қоғам және қызметкерлердің әл-ауқаты үшін үлес қосып жүрген кәсіпорындар мен ұйымдарды марапаттайтын беделді байқау.

Болат Өтемұратов қайырымдылық қоры соңғы 10 жылда Қазақстанның 12 қаласында 13 аутизм орталығын ашып, 300-ден астам мұғалімді мамандандырылған, сертификатталған бағдарламалар бойынша оқытыпты. Қайырымдылық ұйымы сонымен қатар елдегі барлық мектеппен жұмыс істейді, инклюзивті білім беруді енгізу үшін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бағдарламалары арқылы мұғалімдер мен ата-аналарды оқытады. Болат Өтемұратов қорының негізгі саясаты – мемлекеттің рөлі мен функциясын алмастырмай, жеке тарапынан әлеуметке қолдау көрсету.

Қазақстан халқы ассамблеясы жанынан 2024 жылдан бастап кәсіпкерлер қауымдастығын қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Жомарт жан» орталықтары құрылды. Республикалық «Жомарт жан» орталығы еліміздің 20 өңірінде белсенді жұмыс істеуде. Республика бойынша 342 адам (меценаттар, қайырымдылар, волонтерлер) «Жомарт жан» орталықтарының құрамына кіреді. Бұл бастама заманауи сын-қатерлерге жауап беріп, азаматтар мен ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға бағытталған. Бұл орталықтың төрт негізгі бағыты бар. «Жомарт жан» орталықтарының қызметі нақты және практикалық сипатқа ие. 2025 жылдың басынан бері «Жомарт жан» орталықтары 35 мыңнан астам адамды қамтыған 476 іс-шара ұйымдастырып, көрсетілген қайырымдылық көмектің жалпы сомасы 304261415 теңгені құрады. Астана қалалық ассамблея қызметінің әлеуметтік бағыты 2025 жылы «Жомарт жан» орталығының, аналар кеңесінің және жастар бірлестігінің жұмысы арқылы нақты практикалық көрініс тапты. Өткен жылы жалпы сомасы 22 миллион теңгеден асатын 8 қайырымдылық акциясын өткізді. «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік осал санаттағы 200-ден астам балаға көмек көрсетілді. Көпбалалы және аз қамтылған отбасыларды, сондай-ақ емдеуді қажет ететін азаматтарды жүйелі қолдау жалғасын тапты.

МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУ – МАҢЫЗДЫ ЖҮЙЕ

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Қазақстандағы мемлекеттік сатып алу жүйесі – экономиканың маңызды тірегінің бірі. Соған қарамастан құқықтық даулар ең жиі туындайтын салаға жатады. Мемлекеттік сатып алу кезінде қандай келіспеушіліктер бар? Дау неден туындайды? Осы сауалдарға жауап іздеген едік.



Кассациялық сот судьясы Мақсат Қасымовтың айтуынша, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген Мемлекеттік сатып алу туралы жаңа заң аталған саладағы даулар санын қысқартуға бағытталғанымен, тәжірибе жүзінде олардың деңгейі әлі де жоғары. Бұл саладағы құқықтық даулар, ең алдымен, бюджет қаражатының көлемімен, қатысушылар арасындағы жоғары бәсекемен және рәсімдердің күрделілігімен тікелей байланысты.

«Сот тәжірибесінде жүргізілген талдау көрсеткендей, даулардың негізгі бөлігі жеткізушілердің конкурс қорытындыларымен келіспеушілігінен туындайды. Әсіресе, өтінімдердің негізсіз қабылданбауы, конкурс комиссияларының балды есептеу тәртібімен байланысты келіспеушіліктер, жұмыс тәжірибесін растау мәселелері және конкурс құжаттамасында белгіленген талаптардың сипаты жиі дау тудырады. Мұндай жағдайларда жеткізушілер өз құқығын қорғау мақсатында сотқа жүгінуге мәжбүр» дейді Мақсат Аманбекұлы.

Сонымен қатар тапсырыс берушілер тарапынан да заң талаптарын сақтамау фактілері аз емес. Көп жағдайда өтінімдерді бағалау кезінде формалды тәсіл қолданылатыны белгілі. Қатысушылардың ұсыныстары жан-жақты зерделенбейді. Кейбір жағдайларда конкурс талаптары заңнамаға сәйкес келмейтіндей етіп белгіленеді немесе рәсім нормалары толық сақталмайды. Бұл өз кезегінде қабылданған шешімдердің заңдылығына күмән келтіріп, тағы да сот дауларын туындатады.

«Соңғы жылдары соттардың ұстанымы айтарлықтай өзгеріп келеді. Егер бұрын формалды негіздерге сүйену жеткілікті деп есептелсе, қазіргі таңда соттар әрбір шешімнің нақты әрі дәлелді болуын талап етеді. Атап айтқанда, «талаптарға сәйкес келмейді» деген жалпылама тұжырым жеткіліксіз, мұндай шешімдердің нақты себептері көрсетіліп, анықталған бұзушылықтардың сатып алу нәтижесіне қалай әсер еткені дәлелденуі тиіс. Бұл тәсіл мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттырып, конкурс комиссияларының жауапкершілігін күшейтуге ықпал етуде» дейді судья.

Жалпы сот тәжірибесінде талап қоюшылардың пайдасына шешімдер көбіне өтінімдерді негізсіз қабылдамау, бәсекені шектейтін талаптарды белгілеу, нақты бір жеткізушіге бағытталған техникалық сипаттамаларды енгізу, рәсімдік кәтеліктерге жол беру және ұсыныстарды дұрыс бағаламау жағдайларында қабылданады екен. Тіпті елеусіз көрінетін бұзушылықтардың өзі конкурс қорытындыларын жарамсыз деп тануға жеткілікті негіз болуы мүмкін.

> Қалыптасқан сот тәжірибесі мемлекеттік сатып алу жүйесінің біртіндеп ашық әрі әділ бола бастағанын көрсетеді. Дегенмен формалды тәсілдердің сақталуы, тапсырыс берушілер тарапынан жіберілетін қателіктер және жеткізушілердің жосықсыз әрекеттері сияқты мәселелер әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу саласында табысқа жетудің басты шарты ретінде заң талаптарын қатаң сақтау, рәсімдердің айқындығын қамтамасыз ету және барлық қатысушының жауапкершілігін арттыру мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып қалмақ

Мақсат Қасымовтың айтуынша, даулардың елеулі бөлігі жұмыс тәжірибесін растау мәселесіне қатысты. Жеткізушілер тарапынан күмәнді құжаттарды ұсыну, қызметкерлерді формалды түрде жұмысқа рәсімдеу немесе рейтинг көрсеткішін жасанды түрде арттыру әрекеттері кездесіп жатады. Сонымен бірге тапсырыс берушілер мұндай мәліметтердің дұрыстығын әрдайым тиісті деңгейде тексермейді. Бұл өз кезегінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің адалдығына күмән келтіріп, сот дауының көбеюіне әкеледі.

Аталмыш салада жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу мәселесі де ерекше назар аударуды талап етеді. Бұл – жеткізушіні 2 жылға дейін мемлекеттік сатып алуға қатысу құқығынан айыратын қатаң құқықтық шара. Мұндай істерді қарау барысында соттар жеткізуші кінәсінің бар-жоғын жан-жақты зерттеп, әрбір мән-жайды мұқият бағалайды. Бұл санаттағы істерде формалды негіздер жеткіліксіз, шешім қабылдау үшін нақты дәлелдер мен құқықтық негіздеме қажет.

Жалпы алғанда, қалыптасқан сот тәжірибесі мемлекеттік сатып алу жүйесінің біртіндеп ашық әрі әділ бола бастағанын көрсетеді. Дегенмен формалды тәсілдердің сақталуы, тапсырыс берушілер тарапынан жіберілетін қателіктер және жеткізушілердің жосықсыз әрекеттері сияқты мәселелер әлі де өзекті күйінде қалып отыр. Осыған байланысты мемлекеттік сатып алу саласында табысқа жетудің басты шарты ретінде заң талаптарын қатаң сақтау, рәсімдердің айқындығын қамтамасыз ету және барлық қатысушының жауапкершілігін арттыру мәселесі әлі күнге дейін өзекті болып қалмақ.





«ҒЫЛЫМ. ҚОҒАМ. КІТАП ӘЛЕМІ»

Райхан РАХМЕТОВА

Астанадағы ҚР Ұлттық академиялық кітапханада көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы Ғарифолла Әнестің ғылыми еңбектерінің тұсаукесер рәсімі өтті. Іс-шараны Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, «Арыс» баспасы және Ұлттық академиялық кітапхана бірлесіп ұйымдастырды.

«Ғылым. Қоғам. Кітап әлемі» тақырыбымен өткен жиын қазақ руханиятына, алаштану мен мәтінтану саласына, сондай-ақ ұлттық мұраны жүйелеу және ғылыми айналымға енгізу ісіне елеулі үлес қосқан тұлғаның еңбегін кеңінен танытуға арналды. Оның барысында Ғарифолла Қабдолқайырұлының шығармашылығы мен ғылыми мұрасына арналған бейнебаян көрсетіліп, ғалым еңбектерінің таныстырылымы мен ғылыми басылымдардың тұсаукесері өтті. Салтанатты жиынды Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің төрағасы, филология ғылымдарының кандидаты Ербол Тілешов жүргізді. Жиында ҚР Президентінің кеңесшісі, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Омаров кіріспе сөз сөйлеп, Ғарифолла Әнестің ұлттық ғылым мен руханиятқа сіңірген еңбегіне тоқталды.

– Ұлт руханиятында айрықша із қалдырған, өр ісі мен өнегесі көп Ғарифоллалар баршылық. Қай-қайсысы да елдік мәселелерді шешуге барынша атсалысты. Бірі өнерімізді өрістетті, тағы бірі ғылымымызды төрлетті. Сондай-ақ ұлт мұрасын жинауға, зерттеуге, жариялауға жанын салып, тынбай тер төккен тағы бір Ғарифолламыз бар еді. Ол – Ғарифолла Әнес. Бір өзі – бір институттың жұмысын жасаған ғибратты ғалым, бір өзі бір архивтің ісін жүргізген мәртебелі мұрағатшы, бір өзі бір баспа үйінің шаруасын атқарған білікті баспагер, бір өзі бүкіл арыстың жиған-тергенін жариялаған абыройлы алаштанушы. Жалпы өзімізге үлгі болған Ғарифолла Әнес Алаш арыстарын зерттеуді тым ерте бастап, Қазақстанның репрессияға ұшыраған зиялыларын зерттейтін «Арыс» қорын құрды. Содан бері қор үздіксіз жұмыс істеп, қор басшысы бір күн де дамыл алып көрген жоқ. Қаншама тұлғаны шыңыраудан шығарды, қаншама кітап басты, қаншама энциклопедия түзді, қаншама тарихи мұраны қатарға қосты, қаншама архивтің есігін қазақ жұртына айқара ашып берді, – дей келе Б.Омаров өмірде өте қарапайым болса да үндемей жүріп-ақ адам айтқысыз ұшан-теңіз істі тындырған Ғарифолла Әнестің болмыс-бітімінің ерекшеліктерін тізіп, атап айтып берді.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, ғалымның жары Бағдан Момынова ғалым еңбектерінің ғылыми маңызы туралы баяндама жасады. Ол Ғарифолла Әнестің жазып, бірақ шығарып үлгермеген туындыларынан 6 кітаптың басылып шыққанын жеткізіп, сол кітаптарды жиын барысында таныстырды. Бұл құнды еңбектер – «Ағартушы Халел Досмұхамедұлы: ғылыми және педагогикалық еңбектерінің әлеуметтік-тарихи, лексика-семантикалық аспектілері», «Әбіш Кекілбаевтың шағын прозаларының тілдік және танымдық сипаты», «Ағартушы: Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолы мен педагогикалық еңбектері», «Қазақ тілінің тарихы: Этимология. Этнография. Ноғайлы дәуірі. XX ғ. басы (ғылыми мақалалар жинағы)», Алаш тарихы – шерлі шежіре (мақалалар жинағы), «Мемлекеттік тіл және тілші-ғалымдар. Тұлғалар (мақалалар жинағы)».

Басқосуда Ғарифолла Әнестің қазақтың ғылыми ойы мен рухани жадын жаңғырту жолындағы еңбегі айрықша аталып өтті. Әсіресе оның Алаш қайраткерлерінің мұрасын зерттеу, жүйелеу және жариялау бағытындағы қызметі, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов сынды тұлғалардың еңбектерін қайта әзірлеп, ғылыми жұртшылыққа ұсынудағы рөлі ерекше бағаланды. Ғалымның жетекшілігімен жарық көрген «Алаш. Алашорда» энциклопедиясы, «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналының көптомдық толық жинақтары, сондай-ақ «Алаш – 100» атты 100 томдық мегажоба секілді іргелі еңбектер қазақ ғылымы мен руханияты үшін құнды мұра ретінде танылды. Сонымен қатар XX ғасыр басындағы көптеген басылымды араб қарпінен қазіргі жазуға көшіру арқылы ұлттық мұраны жаңғыртуға қосқан үлесі де ерекше назарға алынды. Жиын аясында Ғарифолла Әнес еңбектерімен бірге «Арыс» баспасының жаңа басылымдары да таныстырылды. Басқосу ғылыми мұраны жариялау, кітап мәдениетін дәріптеу және ұлт руханиятына қызмет еткен тұлғалардың еңбегін кейінгі буынға таныту ісіндегі маңызды мәдени-ғылыми алаңға айналды.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 06.04.2026 №510-1180

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Абаттандыру» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Шарль де Голль көшесі ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,1147 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. ҚАСЫМБЕК

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы « 06» 04 № 510-1180 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-318-041-1432	«Идеал Инвест групп» ЖШС	445	180	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Тәуелсіздік даңғылы, №21/6	Кіріктірілген, кіріктіріліп-жапсарлас салынған үй-жайлары және автотұрақтары бар көпфункционалды тұрғын үй кешенін салу және пайдалану	07.11.2019ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану
2	21-318-041-211	Силиниченко Елена Григорьевна, Силиниченко Николай Иванович	447	161	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Шарль Де Голль көшесі, №19	Дүкенді пайдалану	Ортал бірлескен меншік

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Астана қаласы 06.04.2026 №510-1181

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп иеліктен шығару (сатып алу) туралы

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 84-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 63-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 25 қаңтардағы № 33 қаулысымен бекітілген Астана қаласының бас жоспарын іске асыру мақсатында, Астана қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесіне қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес «Қоғамдық кеңістік» объектісінің іздестіру және жобалау жұмыстарын жүргізу үшін, Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Абылай хан даңғылы, №3/2 ғимарат ауданы мекенжайында орналасқан, жалпы ауданы 0,2200 га, жер учаскелері 2026 жылғы 3 маусымнан бастап 2027 жылғы 3 маусымға дейін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп, оның ішінде сатып алу жолымен иеліктен шығарылсын.

2. «Астана қаласының Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) осы қаулы бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғаннан кейін үш күнтізбелік күннен кешіктірмей меншік иелеріне және жер пайдаланушыларға мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелері және басқа жылжымайтын мүлік алдағы уақытта мәжбүрлеп иеліктен шығарылатындығы туралы жазбаша хабарлама жолдасын және «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіпте, сондай-ақ осы қаулыдан туындайтын басқа да іс-қимылдарды орындасын.

3. Қаржыландыру және осы қаулының орындалуына жауапкершілік Басқармаға жүктелсін.

4. Меншік иелері және жер пайдаланушылар алдағы уақытта жүргізілетін жер учаскесін мәжбүрлеп иеліктен шығару туралы хабарлама алған сәттен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде Астана қаласының әкімдігіне тиісті өтініш беру жолымен келісім рәсімдеріне бастама жасауға құқылы.

5. «Астана қаласының Ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулы қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Н.Ж. Нұркеновке жүктелсін.

Астана қаласының әкімі Ж. ҚАСЫМБЕК

Астана қаласы әкімдігінің 2026 жылғы « 06» 04 № 510-1181 қаулысына қосымша

Мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің кадастрлық нөмірі	Меншік иесі және жер пайдаланушы	Жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Алып қойылатын жер учаскесінің ауданы (ш.м.)	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Құқығы
1	2	3	4	5	6	7	8
1	21-318-035-520	ТОО «Адлер-Сити»	1276	1276	Астана қаласы, «Алматы» ауданы, Абылай хан даңғылы, №3/2 үй ауданы, 4-ТЕО	№4 қосалқы станциясын пайдалану	26.05.2028ж. дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану

«ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҮЗДІК ҰЙЫМ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Астана қаласының Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 544 бұйрығына сәйкес 2026 жылғы 12 мамырда Астана қаласының мемлекеттік мектептер арасында «Орта білім беретін үздік ұйым» грантын беру қалалық конкурсы өтетінін хабарлайды.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім мен «Гранттар конкурсы» деген белгі тәртібі мен оның өлшемдері белгіленген Қағидаларының 11-тармағындағы өлшемдерге сәйкес (рейтингілік көрсеткіштер) тиісті құжаттарды Білім басқармасының кеңсесіне (119-каб.) ағымдағы жылғы 12 мамырға дейін тапсыру қажет.

№42 (4940) 11/04/2026 Сенбі





ӨЗБЕКӘЛІНІҢ МӘДЕНИ МАЙДАНЫ

Елордадағы «Жастар» сарайында Алматының «Талант театры» көрерменге тағылымы терең, ойы салмақты туынды ұсынды. Театр қазақ руханиятының жанашыры, мемлекет қайраткері, этнограф Өзбекәлі Жәнібековтің 95 жылдығына арналған «Өзбекәлі» қойылымын қойды.

Қойылымның көркемдік жетекшісі – Қайрат Кенжебекұлы, ал пьеса авторы – Жандос Құсайынов. Спектакль алғашқы сәттен-ақ көрерменді өз иіріміне тартып әкетеді. Сахнада газет таратқан жас Өзбекәлі бейнесі – оның халықпен етене, елдің тыныс-тіршілігімен біте қайнасқан тұлға екенін аңғартады.

Көп ұзамай сахнаға қойшы қыз Жанайым келеді. Арманы айқын емес, ата кәсіптен ұзап көрмеген қарапайым ауыл қызы Өзбекәлімен тілдеседі. Осы тұста екі түрлі көзқарас, екі түрлі таным тоғысады. Бірі – дәстүрге берік, ата жолынан айнымайтын түсінік болса, екіншісі – білім мен ілім арқылы ұлтты ілгері бастыруды көздеген жаңа бағыт. Өзбекәлі оның көкірек көзін оятуға тырысып, білімге үндейді. «Әлем ақпаратпен дамып жатыр. Ал біз сол ақпараттан жеңіліп жатырмыз» деген сөзі арқылы заман талабын дәл аңғартады. Бұл – бүгінгі күнмен де үндесетін өткір ой.

Қойылымда ұлт тағдырына қатысты күрделі мәселелер де батыл қозғалған. «Әр қазақтың баласы «мен істеймін» деп ұмтылуы керек. Сонда ғана біз ұлт ретінде күшейеміз» деген кейіпкер сөзі көрерменге тікелей бағытталған үндеу іспетті естілді.

«Өзбекәлі атамыздың туғанына 95 жыл толуына орай Қазақстанның 18 қаласына гастрольдік сапар жоспарлап отырмыз. Бұл қойылым – қайраткерге деген құрметіміз бен ықыласымыздың нақты көрінісі. Көрерменге тек спектакль ұсынып қана қоймай, оның тұлғасын, еңбегін тереңірек танытуды мақсат етеміз. Шынымды айтсам, мен көп кітап оқитын адам емеспін. Бірақ бір күні «Өзбекәлі және мәдени майдан» деген кітапты қолыма алып, оқып шықтым. Сол кітаптан кейін атамыздың қазаққа сіңірген еңбегін басқа қырынан танып, ұзақ уақыт әсерінен шыға алмадым. Әр беті ой салды. Содан кейін «осы тұлға туралы бір дүние жасау керек» деген ой келді. Бұл жұмысты былтыр бастап кеттік, содан бері ізденіс тоқтаған жоқ.

Қойылымды дайындау барысында тарихи деректерге сүйеніп, кейіпкердің болмысын шынайы жеткізуге тырыстық. Өйткені біз үшін ең маңыздысы – көрерменге әсер ету ғана емес, ақиқатты бұрмаламай жеткізу. Жалпы, Өзбекәлі атамыз секілді толық танылмай жүрген тұлғалар аз емес. Қазір олардың бірін жастар білсе, бірін білмейді. Уақыт өте келе ондай есімдер тасада қалып қоюы мүмкін. Сол себепті осындай спектакльдер арқылы ұлтқа қызмет еткен азаматтарды қайта танытып, жас ұрпақтың санасына сіңіруді мақсат еттік» деді жоба жетекшісі Қайрат Кенжебекұлы.

Қойылым желісінде сыртқы күштің қазақ арасына іріткі салу арқылы үстемдікке жеткені де астарлы түрде бейнеленген. Өзбекәлінің жастық шағындағы досы Аян образы арқылы сенім мен сатқындық, достық пен күмән арасындағы тартыс шынайы ашылады. Тіпті, кей тұста ең жақын жандардың өзіне қарсы шығуы – адам табиғатындағы қызғаныштың, әсіресе бауырлар арасындағы бақастықтың қаншалықты қауіпті екенін көрсетеді.

Қойылымда Арқалықтағы кезең де назардан тыс қалмаған. Бұл тұста Өзбекәлі ел игілігі үшін аянбай еңбек етіп, серігі Сарқан Құсайынұлымен бірге бірқатар игі істерге ұйытқы болады. Сондай-ақ Мұхтар Шаханов пен Шәмші Қалдаяқовтың «Арқалықтың ақ таңы» әнінің туу тарихы да сахнада көрініс табады. Алайда бұл кезеңде де кейіпкер жолына кедергі келтірген күштер аз болмағаны аңғарылады.

«Өзбекәлінің рөлін сомдау мен үшін жаңа деңгей болды. Бұл тұлғаның еңбегін, мінезін, қайраткерлігін сахнада дәл жеткізу оңайға соқпады. Рөлге дайындалу барысында оның өзін ұстау мәнеріне – басын сәл төмен ұстап сөйлеуіне, көзқарасы мен қабағына ерекше мән бердім. Сонымен қатар, Өзбекәлі атамыздың әр әңгімесінде қайталанып отыратын сөздері де бар екен. Мәселен, бір шаруа шешілмей созылып кетсе, «мұның бәрі бос әңгіме, жігіттер, тастайық!» деп қысқа қайыратын болған. Бұл да оның болмысын ашатын деталь деп ойлаймын.

Рөлді игеру үшін көп ізденіп, жіті бақылап, іс-қимылын зерттедім. Әсіресе, жүріс-тұрысына мән бердім. Себебі кейіпкердің ішкі әлемі көбіне сол қимылынан көрінеді. Жалпы, Өзбекәлі атамыз ұлттық мүддені бәрінен жоғары қойған тұлға, тіпті отбасынан да биік қойған. Сондықтан оның рөлін сомдау үшін сол кезеңдегі көңіл күйін, ішкі жағдайын сезіне білу маңызды» деді Өзбекәлі рөлін сомдаған театр актері Диас Жақпарұлы.

«Әр Мұсаға бір перғауын» деген ой арқылы қойылым адам баласының жолында әрдайым кедергі, қарсы күш болатынын меңзейді. Бұл – тек тарихи кезеңнің ғана емес, бүгінгі қоғамның да шындығы. Шығарманың шарықтау шегінде Өзбекәлі жалғыздықпен бетпе-бет қалады. Оған қарсы тұрғандар арасында өз жақындарының болуы драмалық шиеленісті күшейте түседі. Алайда әділдік түбі жеңіп, кейіпкердің ақтығы дәлелденеді.

Қойылымдағы тағы бір айрықша көрініс қазақтың киелі жәдігері – Тайқазанның қайта қазақ жеріне қайтарылуы. Сахнада ол Эрмитаждан тарихи тағдырдың текетіресімен келіп, өз иесіне оралып, ұлт рухының асқақтығын айшықтайды.

Қойылым соңында айтылған «Оян, қазақ, әлі қанша уақыт ұйықтар екенсің?» деген сөз көрерменге тасталған ашық сауалдай әсер қалдырды. Бұл – өткенге көз жүгіртіп қана қоймай, бүгінгі күннің де жауапкершілігін сезіндіретін түйін. Жалпы, «Талант театры» ұсынған бұл қойылым – тарихи тұлғаның тағдырын сахна тілімен сөйлетіп қана қоймай, ұлттық сананы серпілтуге бағытталған көркем дүние. Көрермен көкейінде ой қалдырып, жүрегіне сезім салатын мұндай туындылардың рухани кеңістікте алар орны ерекше.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

ӨЛЕҢ МЕН ҒЫЛЫМҒА ҚАТАР ҚҰЛАШ СЕРМЕГЕН

Кеше Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде белгілі ақын, әдебиеттанушы-ғалым, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Жанат Әскербекқызы Аймұхамбеттің 60 жылдық мерейтойына арналған «Заманауи әдебиеттанудың теориялық мәселелері және структуралистік-феноменологиялық зерттеулер» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Конференция ғалымның ғылыми-шығармашылық еңбектеріне арналған көрмеден басталды. Заманауи әдебиеттанудың өзекті теориялық мәселелерін талқылау, структуралистік және феноменологиялық зерттеулерді жүйелеу, сондай-ақ ғалымның мұрасын жан-жақты зерделеу мақсатында өткен жиынға қазақстандық, шетелдік ғалымдар, қоғам қайраткерлері, жоғары оқу орындарының оқытушылары, жас зерттеушілер мен әдебиет саласының мамандары қатысты.

Алқалы жиынды ақын, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Аманжол Әлтай жүргізді. «Ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба…» деген ұстанымды өміріне темірқазық еткен ғалымның басты қырларының бірі – ғылым саласы. Ол ұзақ жылдар бойы әдебиеттану ғылымының өрінде еңбек етіп, өзіндік орны бар ірі зерттеушіге айналды. Ғалымның қаламынан туған монографиялар, оқу құралдары, оқулықтар мен ондаған жылдар бойы үздіксіз жарияланып келе жатқан ғылыми мақалалар оның ғылымдағы биік белесін айқындайды. Ғалымның келесі бір қыры – ұстаздық. Ол мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, бүгінде олардың еліміздің түрлі саласында табысты еңбек етіп жүрген білікті мамандарға айналуына жол ашты. Ал үшінші қыры – ақындық болмысы. Ол қазақ әдебиетінде Фариза Оңғарсынова сынды ірі тұлғалардың ізін жалғап, поэзия әлемінде биік деңгейге көтерілді» деп атап өтті ол конференцияның беташар сөзінде.

Мерейтой иесіне Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс хаты табысталып, «Алтын барыс» төсбелгісімен марапатталды. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев, Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек және өзге де мемлекеттік органдар мен жоғары оқу орындары басшыларының құттықтау хаттары оқылды.



Сондай-ақ ғалым еңбек етіп жүрген Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті тарапынан арнайы «Гумилев» медалімен марапатталды.

Конференция аясында мерейтой иесінің өмірінен сыр шертетін бейнебаян ұсынылып, ғылыми еңбектерінің библиографиясы мен конференция материалдары жинағы таныстырылды. Осыдан кейін отандық және шетелдік ғалымдар баяндама жасап, Жанат Әскербекқызының еңбектері әдебиеттану, поэтика және ұлттық әдеби үдеріс тұрғысынан кеңінен талқыланды. Сонымен қатар ғалымның үш жаңа кітабының тұсауы кесілді.

Конференция жұмысы түстен кейін секциялық отырыстармен жалғасып, кешкі бағдарлама Астана қаласы әкімдігінің Музыкалық жас көрермен театрында өткен Жанат Әскербекқызының шығармашылығына арналған поэтикалық-музыкалық қойылыммен қорытындыланды.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 42
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы,
Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ